

Шаруашылық серіктестіктері мен кәсіпорындар қызметінің мониторингі бағдарламасын енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 15 наурыз N 118. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"1996 жылға арналған өндірісті дамытудың және өнімдердің, жұмыстар мен қызметтердің бағалары мен тарифтерін өзгертудің мақсатты индикаторлары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 ақпандағы N 202 қаулысын орындау мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті:

Статистикалық жұмыстардың регламентіне шаруашылық серіктестіктері мен кәсіпорындар қызметінің мониторингі бағдарламасын енгізсін, көрсеткіштер тізбесі бойынша (2-қосымша) заңды тұлғалардың ақпарат беруінің тәртібі мен мерзімін (1-қосымша) бекітсін;

мониторинг бағдарламасын қаржыландыру мөлшері мен тәртібі жөнінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Экономика министрлігімен келісілген ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізсін;

мониторинг деректерін айына екі рет (айдың 16 және 1-күнінен кейінгі үшінші жұмыс күні) Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне, Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігіне, Өнеркәсіп және сауда министрлігіне, Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Көлік және коммуникациялар министрлігіне, Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігіне, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігіне беріп отырсын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігімен, Өнеркәсіп және сауда министрлігімен, Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Көлік және коммуникациялар министрлігімен, Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігімен, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен, Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесе отырып, есепті айдың кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей теріс тенденциялардың себептерін талдаумен және оларды жою жөніндегі, оның ішінде Қазақстан Республикасының ірі кәсіпорындары бойынша

жою жөніндегі шаралармен қоса 1996 жылға арналған өнім өндірудің (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) дамытудың индикаторларының орындалуы, бағалар мен тарифтердің өзгеруі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынатын болсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

(Қосымшалардың қазақша ресми аудармасы жоқ, орысша мәтіннен қараңыз)